

Шемонаиха ауданы бойынша 2023 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, сондай-ақ пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квоталарын белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 394 қаулысы

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 18-бабы 1-бөлігі 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабы 7), 8), 9) тармақшаларына, "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 13898 нөмірімен тіркелген) сәйкес, Шемонаиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұйымдастыру-құқықтық нысанға және меншіктік нысанына қатыссыз ұйымдарда жұмысшылардың тізімдік санының бір пайызы мөлшерінде ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Ұйымдастыру-құқықтық нысанға және меншіктік нысанына қатыссыз ұйымдарда пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Г.А. Раимбековаға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шемонаиха ауданының әкімі

Г. Ақулов

Шемонаиха ауданы әкімдігінің
2022 жылғы "24" қарашадағы

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастарға арналған квота мөлшері

№	Кәсіпорын, ұйым, мекеме атауы	Жұмысшылардың тізімдік саны	Бекітілген квота мөлшері (%)	Жұмыс орындарының саны (адам)
1	"Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім бөлімінің "Н.А. Островский атындағы № 1 жалпы орта білім беретін мектебі-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	118	1%	1
2	"Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім бөлімінің "Ю.А. Гагарин атындағы № 3 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	106	1%	1
3	"Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Шемонаиха ауданы бойынша білім бөлімінің "Д.М. Карбышев атындағы Первомай жалпы орта білім беретін мектеп-балабақшасы" кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	104	1%	1

4	"Рулиха" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	140	1%	1
5	"Востоксельхозпродукт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	275	0,5%	1

Шемонаиха ауданы әкімдігінің
2022 жылғы "24" қарашадағы
№ 394 қаулысына
2 қосымша

Пробация қызметінде есепте тұрған адамдарға және бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан адамдарға арналған квота мөлшері

№	Кәсіпорын, ұйым, мекеме атауы	Жұмысшылардың тізімдік саны	Бекітілген квота мөлшері (%)	Жұмыс орындарының саны (адам)
1	"Камышинское 2" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	157	1%	2
2	"Шемонаиха су арнасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	101	2%	2
3	"Рулиха" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	115	2%	2
4	"LLC ASIA" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	42	3%	1
5	"Воробьев Н. и Ко" коммандиттік серіктестігі	153	2%	3
6	"Шемонаихинское" шаруа қожалығы	95	1%	1